

**"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағаның 2011 жылғы 28 наурыздағы № 124 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 73 бірлескен бұйрыққа өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 165 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 138 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 маусымда № 7696 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № 395 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 02.09.2016 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 1-бабы 8 тармағына сәйкес келтіру мақсатында  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

1. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағаның 2011 жылғы 28 наурыздағы № 124 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 73 бірлескен бұйрыққа (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6928 тіркелген, 2011 жылғы 8 маусымдағы 180 (26601) «Қазақстанская правда», 2011 жылғы 24 мамырдағы № 215-216 (26614) «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгертулер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Қоса беріліп отырған:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік

саласында құрылыс объектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері, осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында лицензиялау субъектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері осы, осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.»;

Көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері, осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, аттестаттау және аккредиттеу департаментінің директоры (Ғ.Р. Әбдірайымов):

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бірлескен бұйрықты ресми жариялады;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы* *Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы* *Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі*

*С. Нокин* \_\_\_\_\_ *Б. Сағынтаев* \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ ұ р ы л ы с ж әне т ұ р ғы н  
үй-коммуналдық шаруашылық  
істері агенттігі төрағасының  
2012 жылғы 27 сәуірдегі  
№ 165 және  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж әне

с а у д а			2	м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2	ж ы л ғ ы			м а м ы р д а ғ ы
№	1 3 8	б і р л е с к е н		б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша				
Қ а з а қ с т а н				Р е с п у б л и к а с ы
Қ ұ р ы л ы с		ж ә н е		т ұ р ғ ы н
үй - к о м м у н а л д ы қ				ш а р у а ш ы л ы қ
і с т е р і		а г е н т т і г і		т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 1	ж ы л ғ ы		2 8	н а у р ы з д а ғ ы
№		1 2 4		ж ә н е
Қ а з а қ с т а н				Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ			д а м у	ж ә н е
с а у д а				м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1	ж ы л ғ ы		3 1	н а у р ы з д а ғ ы
№	7 3	б і р л е с к е н		б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша				

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында құрылыс объектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында құрылыс объектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң) және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңдарына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғым пайдаланылады:  
тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы.

**2. Тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін айқындау**

3. Тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жауапкершілік дәрежелерін ескере отырып, белгіленген объективті факторларды ескере отырып айқындалады.

Объективті критерийлер бойынша субъектілер мынадай тәуекел дәрежесіне б ө л і н е д і :

1) жоғары тәуекел дәрежесі бар бірінші топ – жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер ;

2) орташа тәуекел дәрежесі бар екінші топ – жауапкершілігі екінші деңгейдегі объектілер ;

3) болмашы тәуекел дәрежесі бар үшінші топ – жауапкершілігі үшінші деңгейдегі объектілер .

4. Белгіленген жауапкершілік деңгейлеріне байланысты жобалау процесінде объектілер жоғары, орташа не болмашы тәуекел дәрежесіне ауыстыруға ж а т п а й д ы .

5. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жауапкершілік деңгейлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесіне сәйкес белгіленеді.

Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и к а с ы
Қ ұ р ы л ы с		ж ә н е	т ұ р ғы н
үй-коммуналдық			ш а р у а ш ы л ы қ
істері		а г е н т т і г і	т ө р а ғ а с ы н ы ң
2012	ж ы л ғ ы	27	с ә у і р д е г і
№	1 6 5		ж ә н е
Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ		д а м у	ж ә н е
с а у д а			м и н и с т р і н і ң
2012	ж ы л ғ ы	2	м а м ы р д а ғ ы
№	1 3 8	б і р л е с к е н	б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша			
Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и к а с ы
Қ ұ р ы л ы с		ж ә н е	т ұ р ғы н
үй-коммуналдық			ш а р у а ш ы л ы қ
істері		а г е н т т і г і	т ө р а ғ а с ы н ы ң
2011	ж ы л ғ ы	28	н а у р ы з д а ғ ы
№	1 2 4		ж ә н е
Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ		д а м у	ж ә н е
с а у д а			м и н и с т р і н і ң

## **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында лицензиялау субъектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында лицензиялау субъектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Лицензиялау туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлдіктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;  
бұзушылық – Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, лицензиядан айыруға әкеп соқтырмайтын лицензиялық заңнаманы бұзушылық;  
бақылау субъектілері – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар.

### **2. Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін айқындау**

3. Бақылау субъектілерін тәуекелдер дәрежелері бойынша бөлу:  
1) тәжірибеге негізделген объективті Критерийлер бойынша;  
2) тексеру нәтижесінде жиналған баллдарын есептеуден кейін жүзеге асырылады.

4. Объективті Критерийлер сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыру тәжірибесін ескеріп айқындалады.

Объективті Критерийлер бойынша бақылау субъектілері мынадай тәуекел дәрежелеріне бөлінеді:

- 1) жоғары тәуекел дәрежесі бар бірінші топ – лицензияны алғанына бір жылдан аспаған немесе бұзушылықтары жіберген лицензиаттар;  
 2) орташа тәуекел дәрежесі бар екінші топ – бір жылдан үш жылға дейін лицензиясы бар және бұзушылықтар жібермеген лицензиаттар;  
 3) төмен тәуекел дәрежесі бар үшінші топ – лицензияны алғанына қоса алғанда үш жылдан асқан және бұзушылықтар жібермеген лицензиаттар.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 162 қаулысымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензияланатын қызметтің жекелеген түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын бұзғаны үшін баллдар қосылады. Баллдар осы Критерийлердің қосымшасына сәйкес есептеледі.

6. Тексеру нәтижесінде 50 және одан да көп балл жинаған бірінші топтың лицензиаттары бірінші тәуекел тобында қалады.

Тексеру нәтижесінде 50-ден кем балл жинаған бірінші топтың лицензиаттары екінші тәуекел тобына ауыстырылады.

Тексеру нәтижесінде 50 және одан да көп балл жинаған екінші және үшінші топтардың лицензиаттары бірінші тәуекел тобына ауыстырылады.

Тексеру нәтижесінде 50-ден кем балл жинаған екінші топтың лицензиаттары үшінші тәуекел тобына ауыстырылады.

Тексеру нәтижесінде 50-ден кем балл жинаған үшінші топтың лицензиаттары үшінші тәуекел тобында қалады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында лицензиялау субъектілері бойынша тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлеріне қосымша

## Тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері

р/с №	Бақылау кезеңінде қойылатын талаптар	Талаптарға сәйкес болма баллдармен бағаланады
1	2	3
1.	<b>Іздестіру қызметімен айналысу үшін қойылатын талаптары мыналарды қамтиды:</b>	
1.1	жеке тұлға үшін – іздестіру қызметі саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде үш жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын	20

	қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің) болуы	
1.2	заңды тұлға үшін – штатында іздестіру қызметі саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің болуы	20
1.3	мыналармен:	
1.3.1	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10
1.3.2	инженерлік-геологиялық және/немесе инженерлік-гидрогеологиялық іздестірулер үшін аккредиттелген топырақтану (химиялық) зертханасымен жабдықталған меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы өндірістік базаның болуы	5
1.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында:	20
1.4.1	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрін орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын бақылау-өлшеу құралдарымен, аспаптарымен, тетіктерімен және құрылғыларымен	10
1.4.2	инженерлік-геодезиялық жұмыстарды жүзеге асырған кезде есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютермен ең төменгі материалдық-техникалық жабдықты болуы	10
1.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
1.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
2.	<b>Жобалау қызметімен айналысатын III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
2.1	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде үш жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
2.2	заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (	20

	еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	
2.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10
2.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрін орындауға қажетті есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютермен ең төменгі материалдық-техникалық жабдықталуы	10
2.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
2.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
3.	<b>Жобалау қызметімен айналысатын II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
3.1	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде сегіз жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
3.2	заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
3.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10
3.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрін орындауға қажетті есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютермен ең төменгі материалдық-техникалық жабдықталуы	10
3.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10



3.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
4.	<b>Жобалау қызметімен айналысатын I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
4.1	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он үш жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
4.2	заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
4.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10
4.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрін орындауға қажетті есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютермен ең төменгі материалдық-техникалық жабдықталуы	10
4.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
4.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
4.7	лицензиаттың қызметін қоса атқарып жүрген инженерлік-техникалық қызметкерлердің жалпы санынан 20 % артық болмауы	20
5.	<b>Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысатын III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
5.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде екі жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде	20

	кемінде үш жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	
5.2	заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде екі жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
5.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10
5.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түріне қойылатын талаптарға байланысты құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың шағын жинақтары, бақылау-өлшеу құралдары, аспаптары, тетіктері және құрылғылары бар ең төменгі материалдық-техникалық жабдықталуы	10
5.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
5.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
6.	<b>Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысатын II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
6.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде сегіз жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
6.2	заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
6.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы	10

6.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түріне қойылатын талаптарға байланысты құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың шағын жинақтары, бақылау-өлшеу құралдары, аспаптары, тетіктері және құрылғылары бар ең төменгі материалдық-техникалық жабдыкталуы	10
6.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
6.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	10
7.	<b>Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысатын I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары</b>	
7.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он үш жыл еңбек стажының (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек стажының (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
7.2	занды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаж жұмыстары саласында жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаж жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыс бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек стажы (еңбек қызметі) бар инженерлік-техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	20
7.3	лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған өндірістік базаның болуы. Егер бұл жұмыс жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге ғимараттары немесе үй-жайлар біріктірілуі мүмкін	10
7.4	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған кіші түріне қойылатын талаптарға байланысты құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың шағын жинақтары, бақылау-өлшеу құралдары, аспаптары, тетіктері және құрылғылары бар ең төменгі материалдық-техникалық жабдыкталуы	10
7.5	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	10
7.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттарды қоса алғанда, еңбекті	10

	қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	
7.7	лицензиаттың қызметін қоса атқарып жүрген инженерлік-техникалық қызметкерлердің жалпы санынан 20 % артық болмауы	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК